



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Христиандық: пұтқа табынушылардың
оянған үміті



Дәрістің мақсаты: Христиандықтың қалыптасуы, оның иудаизммен және Рим империясымен қарым-қатынасы, Римнің мемлекеттік діні болу себептері.

«Мессия келді...». Ондай керемет жасаушылар мен дінге үгіттеушілер ол кезеңде аз емес еді, еврейлердің көбі Мессияны күтетін. Себебі Израильді Тәңір патшалығы ретінде қайта жандандырып, жаулаушыларды жоятын Дәуіттің ұрпағынан бір патша келу керек еді. Халық арасында кезбе аскет, бәлкім ессей Шоқындырушы Иоанн деген кісі танымал болатын. Иоанн Иерусалим билігіне бұзылған деп наразы болатын. Ол қарапайым адамды тәубеге келуге, ессейлердегідей Иордан өзеніне шомылуды тазартушы жораға қатысуға шақыратын.

Жас Иса да Иоаннға барып өзенде шоқынады, ал «судан шыққан тұста Иоанн аспанның қақ айырылғанын және Рух пен Оған қонғалы келе жатқан көгершінді көреді. Сол кезде аспанның дауыс естілді: «Сен Менің Сүйікті Ұлымсың, Сенде Менің ізгі көңілім бар». Иоанн алдында Мессия тұрғандығын бірден түсінеді. Осыдан кейін Марк бірден Иисустың Галилеяның қалалары мен өлкелерін аралап, уағыздарында «Уақыт келді және Құдай Патшалығы жақындады» деп айтқаны туралы әңгімесіне көшеді». Көптеген палестиналық еврейлер оған Мессия (грекше Христос) ретінде сенеді. Өзінің шәкірттерімен ел кезіп, ол да Иерусалимге келеді.

Христиандық осылай туды. Бұл діннің бастапқы дәуірінде көптеген еврей-христиандар ескіше иудаизмді мойындайтын. Христиандық айрықша «құдайдан қорқатындар» үшін тартымды еді.

«Бірінші ғасырда христиандар Құдай туралы пайымын жалғастырды және оған шын яхуди-дей сыйынды. Раввиндермен бір деңгейде пікірталас құрды. Олардың шіркеулері синагогалардан қатты ерекшеленбеді. Алайда 80-жылдары Тәуратты ұстанбағандықтары үшін христиандар мен еврейлер арасында дау шығып, синагогадан қуылады. Алғашқыда иудаизмге еліге қараған пұтқа табынушылар енді христиандыққа өте бастайды; әйтсе де олардың көпшілігі құлдар және төменгі тап өкілдері болды. Басқа діндерге сенген білімді адамдар христиандықты II ғасырдың соңында қабылдай бастайды. Дәл солар сенімсіздікпен қараған пұтқа табынушылар арасында жаңа діннің қағидаларын түсіндіре алды.

Иса-құдай. Христиандық үшін Христостың тәңірлік болмысы жайлы түсінік негізінен өте күрделі проблема ретінде танылды. Қалай монотеисттік дін адам кейпіндегі Құдай түсінігін тудыра алды? Оған қоса патша болудың орнына масқара өлім жазасына кесіледі... ал оның ізбасарларының көбі тірі кездерінде-ақ Құдай патшалығын көреді. Қалайша кішкене ғана секта Рим империясының мемлекеттік дініне, ал одан кейін әлемдік дінге айналды?

Карен Армстронг: «Христиандық жеңісінің себептері анықталмай келеді. Оның Рим империясының көмегісіз табысқа жетуінің мүлде мүмкін еместігі белгілі. Бірақ бұл жағдай да барлық сұрақтарға жауап табуға жол ашпай отыр».

Евангелие. Христиандықта Евангелие (гр. «ізгі хабар») – бұл Құдай патшалығының келуі мен өзінің уағыздарында Иисус, ал одан кейін оның шәкірт-апостолдары жариялаған адамзаттың құтқарылуы жайлы хабар. Тар мағынада Евангелие – Иисус Христостың туылуы, өмірі, әрекеттері, жасалған ғажаптары, өлімі мен қайта тірілісі жайлы хикая. Жаңа өсиетке төрт автор – Матфей, Марк, Лука мен Иоанның канондық евангелиелері кіреді.

Христиандықта Библияға (Киелі жазба) Ескі өсиетті (біз сөз еткен бес кітап пен қосымша кітаптар тізбегі) мен Жаңа өсиет кіреді. Жаңа өсиет төрт канондық Евангелиені, сондай-ақ, Апостолдардың істерін (Иисустың шәкірттерінің әрекеті), Жолдау (апостолдардың хаттары) мен пайғамбарлықты (Иоанн Богослованың уахыы) қамтиды.

Марк Евангелиесі Иисус Христостың өлімінен кейін қырық жылдан кейін жазылған, ал қалғаны одан кейінірек. Алғашында олар анонимді болатын, олардың авторлығы II ғасырда анықталады, кейін авторлық жайлы мәселе зерттеушілермен бірнеше рет талқыға түседі. Евангелие эллиндік әлемдегі тілдесу тілі болған жалпы грек «койне» тілінде жазылған.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. «Апостолдар іс-әрекетіне» сүйене отырып, апостолдар Петр мен Павелдің өмірі туралы баяндаңыз.
2. «Христостың азаптары» дегеніміз не?



3. К. Армстронгтың «Құдайтану баяны» кітабын пайдалана отырып, христиандық пен бхактиді салыстырыңыз. Олардың арасында ортақ не бар, несімен ерекшеленеді?
4. Христиандық пен ежелгі Римдегі Sol Invictus культін салыстырыңыз.
5. Ерте христиандық философ Клименттің *apatheia* концепциясының мәні неде?
6. М. Аджидің христиандықтың тәңіршілдіктен шығуы туралы болжамын талдаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Иисус Христос кім?
2. Христиандықтағы Қасиетті Жазба не болып табылады?
3. Христиандық қандай діннен бөлінді? Бұл діннің христиан дінінен түбегейлі айырмашылығы неде?
4. Иисус Христостың тарихи жеке басы туралы не белгілі? Қандай мәтіндерден алынды?
5. «Евхаристия» деген не?
6. Христиандыққа әлемдік дін болуға не көмектесті?
7. Алғашқы христиандар «Құдай Ұлы» сөзін қалай түсінді?